# Балабақша консультативті қызметін ұйымдастырудың іс-құжаттарының тізімдемесі

1. Астана қаласы әкімдігінің «№44 «Үркер» балабақшасы» МКҚК консультациялық пункттер ЕРЕЖЕСІ
2. Балабақшада консультативтік пункт ашу туралы
3. Мектепке дейінгі біліммен қамтылған балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттің жұмыс жоспары
4. Консультациялық пункт жұмысын ұйымдастыру қағидаттары
5. Консультациялық пункттің жұмыс кестесі
6. Мамандардың консультациялық пунктіне ата-аналардың (заңды өкілдің) өтініштерін есепке алу журналы

Астана қаласы әкімдігінің № 44 «Үркер» балабақшасы МКҚК

# Мамандардың консультациялық пунктіне ата-аналардың (заңды өкілдің) өтініштерін есепке алу

# ЖУРНАЛЫ

БЕКІТЕМІН
№ 44 «Үркер» балабақшасы
МКҚК меңгерушісі
_________ Ж.А.Сарсебаева
«___» _________ 2023 ж.

**Консультациялық пункттің жұмыс кестесі**

| № | Қабылдау уақыты | Консультация түрі | Мамандар/ Аты-жөні |
|---|---|---|---|
| 1 | Дүйсенбі | Ауызша консультация | Отызбекова А.М, Айтмағанбетова Г.А, Нуранова Ж.А, Утигенова А.О. |
| 2 | Жұма | Ауызша консультация | Айдарханова Э.А, Кусайнова М.К, Кусайнова Б.И, Ержанова Ж.Л |
| 3 | Күнделікті | Фото және бейнематериалдар | Балбақша сайты |

**Әдіскер: Камза Г.Б.**

## Консультациялық пункт жұмысын ұйымдастыру қағидаттары:

- *құпиялық қағидаты: баланың және оның отбасының ерекшеліктері туралы ақпарат ата-анасының келісімінсіз жария етілмейді;*

- *кешенділік қағидаты: ата-аналармен жұмысты әртүрлі бейнедегі мамандар тобы жүзеге асырады;*

- *ғылымилық қағидаты: мектепке дейінгі ұйым ұсынатын ақпарат/сенімді растаған болуы керек;*

- *қолжетімділік қағидаты: ата-аналарға арналған барлық ақпарат артық терминологияны қолданбай қолжетімді түрде беріледі.*

БЕКІТЕМІН
№ 44 «Үркер» балабақшасы
МКҚК меңгерушісі
_______ Ж.А.Сарсебаева
«31» __08__ 2023 ж.

**Мектепке дейінгі білім берумен қамтылмаған ерте жастағы балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттің жұмыс жоспары.**

| **Өткізу уақыты** | **Тақырыбы** | **Өткізу формасы** | **Материалдар** | **Консультант мамандар** |
|---|---|---|---|---|
| Қыркүйек | Салауатты өмір салты дегеніміз не? | Дөңгелек үстел | Баяндама | Г.Б. Камза<br>Б.Я. Тукашева |
| Қазан | «Балалардың қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру» | Дөңгелек үстел | Денешыныктыру іс-әрекеті бейне сабақ | Г.Б. Камза<br>М.О. Орынбекова |
| Қараша | «Балаларды балбақшаға бейімдеу» | Тақырыптық сабақтар жеке және кіші топтық кеңестер | Слайд | Г.Б. Камза<br>Г.А.Айтмағанбетова<br>Э.А. Айдарханова |
| Желтоқсан | Әр түрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын мңнгерту. | Пікірталас | Бейнесабақ<br>Баяндама | Г.Б. Камза<br>Топ тәрбиешілері |
| Қаңтар | «Қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауы» | Тренинг | Бейнесабақ<br>Баяндама | Г.Б. Камза<br>Топ тәрбиешілері |
| Ақпан | Ата-ананың баланың өзіндік шығармашылы | Дөңгелек үстел | Мәлімдеген мәселе бойынша тақырыптық сабақтар | Г.Б. Камза<br>Топ тәрбиешілері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қ іс-әрекеті үшін жағдай жасауы | | | |
| Наурыз | Ата- аналар өтініші бойынша кенестер | Кеңестер | Кеңестер | Г.Б. Камза<br>Топ тәрбиешілері |
| Мамыр | «Отбасы бақыт әліппесі» | Баяндама | Практикалық тренинг | Г.Б. Камза<br>Топ тәрбиешілері |

«АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АСТАНЫ»

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

«18» 10.01.2023 № 18

**Мектепке дейінгі ұйымдарда**
**консультативтік пункт ашу туралы**

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін, отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету, мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған ата-аналардың (заңды өкілдердің), оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасау құзыреттілігін арттыру мақсатында ата-аналарға арналған консультативтік пункт ұйымдастыруды **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарға арналған кеңес беру пункттері 2023 жылдың 10 қаңтарынан ашылсын;
2. Әрбір мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы кеңес беру пункттерінің тиісті түрде жұмыс жасауын балабақша меңгерушісі қамтамасыз етсін;
3. Кеңес беру пункттерінің жұмысы берілген ұсыныстарға сәйкес жүргізілсін (Қосымша 1);
4. Кеңес беру пункттерінің жұмысы берілген ұсыныстарға сәйкес жүргізілуін қадағалау Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» басшысының міндетін атқарушысына (С. Дауешова) жүктелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары С. Адылбаевқа жүктелсін.

**Басшы** **Қ. Сенғазыев**

0000607

**АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ №44 «ҮРКЕР» БАЛАБАҚШАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ**

Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы
«Сарыарқа» ауданы, А.Затаевич көшесі, 9/7
тел:+7(7172) 38-65-09

**ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ ЯСЛИ-САД №44 «ҮРКЕР» АКИМАТА ГОРОДА АСТАНА**

Республика Казахстан,
010000, город Астана,
район «Сарыарка», улица А.Затаевича, 9/7
тел:+7(7172) 38-65-09

# БҰЙРЫҚ

2023 жылғы «04» қаңтар №9 н/қ

**Балабақшада консультациялық пункт ашу туралы**

Астана қаласының Білім басқармасы ММ-нің 2023 жылы 04 қаңтар айындағы № 18 бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Балабақшада ата-аналарға кеңес беру пункті 2023 жылдың 04 қаңтар айынан бастап ашылсын.
2. Консультативтік пунктын жұмысын жасау кестесі және жоспары құрылсын.
3. Педагог-психолог Өмірбек Нұрай Нұрлыбекқызына және әдіскер Абежанова Алма Алимжновнаға жүктелсін.
4. Осы бұйрықтын орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

**Меңгеруші** **Ж.А.Сарсебаева**

БЕКІТЕМІН
№ 44 «Үркер» балабақшасы
МКҚК меңгерушісі
__________ Ж.А.Сарсебаева
«31» ___08___ 2023 ж.

Астана қаласы әкімдігінің №44 «Үркер» балабақшасы МКҚК
Консультациялық пунктер **ЕРЕЖЕСІ**

## 1.КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫК ПУНКТТЕР

Мектеп жасына дейінгі балаларды торбиелеп отырган, мектеп жасына дейінгі балаларды уйде тарбиелеп отырган отбасыларға, сондай-ак ерекше білім беруді қажет ететін мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырган ата-аналарға (занды окілдерге) әдістемелік жане консультациялық кемек керсету женіндегі консультациялык пункт кала аумағында №44 «Үркер» балабакшасы (бұдан әрі № 44 «Үркер» балабакшасы) қолжетімділігін, отбасылық және қоғамдық тәрбиенін бірлігі мен сабақтастырын қамтамасыз ету максатында құрылды.

## 2.КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫК ПУНКТІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ:

- ата-аналарга (занды өкілдерге) баланы оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыратын консультациялық көмек көрсету;
- мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы проблемаларды тану, диагностикалау;
- №44 «Үркер» балабақшасына бармайтын балалардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) көмек көрсету;
- ата-аналарды (занды өкілдерді) балаға онын жеке ерекшеліктеріне сәйкес білікті көмек көрсететін білім беру жүйесінің ұйымдары туралы хабардар сту.

## 3.КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫК ПУНКТ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚАҒИДАТТАРЫ:

- құпиялык қағидаты: баланың және оның отбасының ерекшеліктері туралы акпарат ата-анасынын келісімінсіз жария етілмейді;
- кешенділік кағидаты: ата-аналармен жұмысты әртурлі бейіндегі мамандар тобы жүзеге асырады;
- ғылымилық қағидаты: мектепке дейінгі ұйым ұсынатын ақпарат сенімді/растаған болуы керек;
- қолжетімділік қағидаты: ата-аналарға арналған барлық ақпарат артық терминологияны қолданбай қол жетімді түрде беріледі.

## 4.Консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыру

4.1.4 №44 «Үркер» балабақшасының базасындағы Консультациялық пункт қалалық Білім басқармасының бұйрығы негізінде балабақша меңгерушісінің ішкі бұйрығымен өрт қауіпсіздігі ерешелерін,санитарлық- гигиеналық нормаларды сақтай отырып, кадырлық , қажетті бағдарламалық -әдәстемеләк материалдарды қамтамасыз ете отырып құрылады және №44 «Үркер» балабақшасына жарғысынада көрсетіледі.

4.2.Консультациялық пункт №44 «Үркер» балабақшасы меңгерушісінің бұйрығымен бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс істейді..

.4.3Ата-аналармен (заңды өкілдермен) тікелей жұмысты консультативтік пункт мамандары (штат кестесіне сәйкес логопед,педагог-психолог,тәрбиешілер,музыкалық жетекші,дене шынықтыру жөнінде нұсқаушы,әдіскер және басқа да қызметкерлер )жүзеге асыра алады.

4.4Мамандар ата-аналарға( заңды өкілдерге) ұсынымдар береді және оларға өз құзыреті шегінде консультация береді.Көмек тегін көрсетіледі.Ата-аналар (заңды өкілдер) алғашқы жүгінген кезде консультация ала алады.немесе №44 «Үркер» балабақшасының накты қызметкерімен кездесу туралы келісе алады.

4.5Ауызша консультациялардан басқа ата-ана (заңды өкіл) баспа (буклеттер,жадынамашар,практикалық материалдарды іріктеу )және электрондық тасығыштарды( фото және бейнематериалдар,флэш-карталар,балабақша сайтына кіру) пайдалы ақпарат алады.

4.6.Консультациялық пункт мамандарының жұмыс режимін №44 «Үркер» балабақшасының жұмыс режиміне сүйене отырып,меңгеруші дербес айқындайды.

4.7.Ата-аналармен заңды өкілдермен жұмысты ұйымдастырудың негізігі нысандары:

.жеке және кіші топтық кеңестер;

.семинар-практикумдар;

.дөңгелек үстелдер;

.мәлімделген мәселе бойынша тақырыптық сабақтар;

.пікірталастар;

.тренингтер;

.ашық сабақтар;

4.8.Ата-аналармен заңды өкілдермен топтық сабақтардың жиіліг айына 1 рет,жеке сабақтардың жиілігі белгіленген кестеге сәйкес ата-аналардың заңды өкілдердің қажеттілігіне қарай айқындалады.Ата-аналарға кеңес беру ұзақтығы 30 минутқа дейін.

4.9.Кіші топтық сабақтардың болжамды тақырыбын балбақша мамандары анықтайды,бірақ ата-аналардың сұраныстарына сәйкес өзгеруі мүмкін.

## 5.Консультациялық пунктке басшылық ету

5.1.Консультациялық пунктке жалпы басшылықты №44 «Үркер» балабақшасының меңгерушісі жүзеге асырады.

5.2. №44 «Үркер» балабақшасының меңгерушісі:

-ата-аналармен консультациялық жұмыс жүргізу үшін жағдай жасауды қамтамасыз етеді.

-кеңес беру жұмысы үшін педагогтерді таңдайды.

## 6.Консультациялық пункт қызметінің негізгі мазмұны

6.1.Консультациялық пункте ата-аналарға( заңды өкілдерге) педагогикалық-психологиялық көмекті ұйымдастыру №44 «Үркер» балабақшасы мамандарының қызметін кіріктіру негізінде құрылады.

6.2.Ата-аналарға (заңды өкілдерге) кеңес беруді бір уақытта бір немесе бірнеше маман жүргізе алады.

6.3.Консультациялық пунктте ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған консультациялар,теориялық және практикалық семинаралр ұйымдастырылуы мүмкін.

## 6.4.Консультациялық қызмет келесідей мәселелерді:

-балалардың жас,психофизиологиялық ерекшеліктерін;

-ерет жастағы балаларды тәрбиелеу және дамыту ерекшеліктерін;

-ерте жастаға балалардың физикалық,психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу;

-ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму бұзыылыстарын түзету және дамытуды;

-балаларды әлеуметтендіруді;

-балалар балбақшаға барған кезде бейімдеуді;

-дамыту бағдарламасын таңдауды;

-ойын әрекетін ұйымдастыруды;

-балалардың тамақтануын ұйымдастыруды

-балаларды шынықтыру және сауықтыру үшін жағдай жасуды

-балаға жеке рекшеліктеріне сәйкес білікті көмек көрсете алатын білім беру,халықты әлеуметтік қорғау,денсаулық сақтау жүйесі ұйымдары туралы ақпарат беруді қамтиды.

## 7. Консультациялық пункттің құжаттамасы.

7.1Консультациялық пункттер көрсетілген әдістемелік,психологиялық-педагогикалық,диагностикалық және консультациялық көмектің есебін жүргізеді (кесте,жұмыс жоспары,консультациялық пункт жұмысын есепке алу журналы,мектепке дейінгі жастағы балаларды үйде тәрбиелеп отырған) отбасыларға психологиялық-педагогикалық көмекке консультативтік пунктіне баратын ата-аналарды (заңды өкілдерді) тіркеу журналы);

7.2. Консультациялық пунктіндегі ата-аналардың өтініштерін есепке алу журналында мамандар қабылдаған күні, уақыты, тақырыбы, сұрақтары, кеңес берушінің аты-жөні және маманның ұсыныстары көрсетіледі.

7.3. Консультациялық пункттің қызметі туралы есеп жылына 2 рет әзірленеді және ағымдағы жылдың 30 маусымы мен 31 желтоқсанындары жағдай бойынша Білім басқармасына (әдістемелік бөлімге) жолданады.

## 8. Консультациялық пункттің жұмысын бағалау критерийлері

Консультативтік пункт жұмысының нәтижелілігін бағалауды және анықтауды ата-аналар әрбір кездесуден кейін жүзеге асырады, ол үшін ата-аналарға сауалнаманы толтыру ұсынылады (сауалнамаға арналған сұрақтарды мамандар дербес дайындайды). Сауалнама деректері бойынша жылдың соңында қорытынды шығарылады.